АННОТАЦИЯ

«6D050600 – Экономика» мамандығы бойынша доктор философиясы (PhD) дәрежесіне ие болу үшін ұсынылған диссертация

ҚАЗБЕКОВА ДАМИРА САМАТОВНА

ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНДАҒЫ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЫНТАЛАНДЫРУДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМДЕРІ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертацияда өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық механизмдерін әзірлеуге арналған. Зерттеу ретінде Ақмола облысы мысалы пайдаланылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан нарықтық трансформация саласында айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Елде нарықтық институттар, механизмдер және қажетті инфрақұрылым қалыптасты, бұл ұлттық экономиканы жаңғыртуға және әртүрлі салаларда даму мен жетістіктерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, әлеуметтік-экономикалық даму барысында белгілі бір тепе-теңсіздіктер күшейіп, оның бірі – өнеркәсіп саласының жеткіліксіз дамуы байқалды. Белсенді индустриалды саясат жүргізілгеннен бері өнеркәсіп саласын дамытуға қажетті негізгі жағдайлар жасалды. Кәсіпкерлік кодексінің қабылдануы (ол кәсіпкерлерді қолдау құралдарын біріктіріп, даму институттарының функцияларын анықтады) және «Байтерек» холдингінің құрылуы, сондай-ақ мамандандыру институттарының дамуы өнеркәсіп саласын жан-жақты дамытуға септігін тигізді. Сонымен қатар, 2023-2029 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласын дамыту тұжырымдамасы аясында қажетті өнеркәсіптік инфрақұрылымды дамыту арқылы салаға жүйелі қолдау көрсетілуде.

Қазақстанның өңдеуші өнеркәсібі саласында бірқатар артықшылықтары бар. Атап айтқанда, жаңа өнім түрлерін өндіруге мүмкіндік беретін айтарлықтай көлемдегі пайдаланылмай тұрған өндірістік қуаттардың болуы; салыстырмалы түрде жоғары біліктілікке ие арзан жұмыс күшінің қолжетімділігі; халықтың білім деңгейі мен мәдениеті жоғары болуы; сондай-ақ елдің табиғи-географиялық әлеуеті.

Алайда, осындай алғышарттарға қарамастан, өңдеуші өнеркәсіптің даму қарқыны жеткіліксіз деңгейде қалып отыр. Бұл жағдай отандық өңдеуші секторда бірқатар жүйелі мәселелердің бар екенін аңғартады және оның дамуын қамтамасыз ететін стратегияны ғылыми негіздеу қажеттілігін өзекті етеді. Мұндай стратегия аясында қолайлы макроэкономикалық ахуалды және бар бәсекелік артықшылықтарды тиімді пайдалануға болады.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Диссертацияның мақсаты – Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың экономикалық механизмін әзірлеу. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

1) Кәсіпкерлікті экономикалық ынталандырудың тұжырымдамалық негіздерін зерттеу;

2) Кәсіпкерлік қызметті экономикалық ынталандырудың мәні мен принциптерін ашып көрсету;

3) Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті дамытудағы шетелдік тәжірибені талдау және оның Қазақстанға бейімделуіне қатысты ұсыныстарды әзірлеу;

4) Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласының жағдайын бағалау;

5) Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру әдістерін талдау;

6) Ақмола облысындағы өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандырудағы мәселелерді анықтау;

7) Салық саясатын жетілдіру және қаржы-кредиттік, инвестициялық инфрақұрылымды дамыту шараларын қамтитын, өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандырудың экономикалық механизмін әзірлеу;

8) Ақмола облысының өңдеуші өнеркәсібінің өсу қарқынына әсер ететін факторларды анықта.

Зерттеу әдіснамасы. Осы диссертациялық зерттеуде өндірістік саласындағы кәсіпкерлік қызметті экономикалық ынталандыру мәселесін жан-жақты қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелі көзқарас қолданылды. Зерттеудің әдіснамалық негізі сандық және сапалық әдістерді қамтиды, бұл зерттелетін мәселені толық талдауды қамтамасыз етеді. Сапалық талдау үшін негізгі көрсеткіштер арасындағы өзара байланысты анықтау мақсатында ақпаратты жинақтау, сұрыптау және контент-талдау әдістері, сондай-ақ кәсіпкерлікті ынталандырудың экономикалық мәнін зерттеу мен тұжырымдамасын қалыптастыруға ықпал ететін ұқсастық және салыстыру әдістері қолданылды. Әдебиеттерді шолу кәсіпкерлікті қолдау мен ынталандырудың тұжырымдамалары мен заманауи тәсілдерінің эволюциясын анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеудің сандық бөлігінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерліктің дамуына әсер ететін сыртқы орта факторларының талдауы мен ресурстық әлеуеттің бағалануы, сондай-ақ сала жағдайы мен кәсіпкерлік қызметтің даму серпінін статистикалық және сипаттамалық талдау жүргізілді. Ақмола облысының өңдеуші өнеркәсібінің өсу қарқынына әсер ететін факторларды анықтау үшін корреляциялық-регрессиялық талдау қолданылды. Зерттеу нәтижелерін визуализациялау және ұсыну үшін құрылымдық топтастыру және динамикалық модельдер құру әдістері қолданылды. Мұндай кешенді тәсіл зерттелетін мәселенің терең және жан-жақты талдануын қамтамасыз етіп, кәсіпкерлікті ынталандырудың әзірленген экономикалық механизмінің тәжірибелік маңыздылығын дәлелдейді.

Ғылыми жаңалығы. Бұл диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандырудың экономикалық механизмін әзірлеуде және оның жүзеге асырылуына арналған тәжірибелік ұсыныстарды негіздеуде жатыр. Алынған жаңа нәтижелер өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандырудың экономикалық механизмдерін талдаудың кешенді және инновациялық тәсілдерін ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында келесі ғылыми нәтижелерге қол жеткізілді, олар зерттеудің жаңалығын айқындайды:

1) Кәсіпкерлікті экономикалық ынталандырудың тұжырымдамалық негіздерін зерттеу және жүйелендіру нәтижесінде кәсіпкерлік теориясының тұжырымдамаларының эволюциясы көрсетіліп, «кәсіпкерлік» ұғымының авторлық мәні негізделіп, кәсіпкерлікті экономикалық ынталандырудың әдістері мен принциптері анықталып, дәлелденді.

2) Қазақстан Республикасының өнеркәсіп саласының жағдайын бағалау және кәсіпкерлікті ынталандыру әдістерін талдау (соның ішінде Ақмола облысында) арқылы кәсіпкерлікті ынталандыру жүйесіндегі мәселелер мен тар нүктелер анықталып, өнеркәсіп саласында кәсіпкерлікті ынталандыруға арналған ұсыныстар әзірленді.

3) Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті мемлекет қолдауымен ынталандырудың экономикалық механизмі және оны жүзеге асыру алгоритмі әзірленді, ол салық саясатын жетілдіру мен қаржы-кредиттік, инвестициялық инфрақұрылымды дамыту шараларын қамтиды.

4) 2024-2028 жылдар аралығында Ақмола облысының өңдеуші өнеркәсібінің өсу қарқынына әсер ететін факторлар ең кіші квадраттар әдісімен жүргізілген көптік корреляциялық-регрессиялық талдау негізінде анықталды.

Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар.

1) Кәсіпкерлікті экономикалық ынталандырудың тұжырымдамалық негіздерін дамыту: кәсіпкерлік – тұтынушылардың нақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында тауарлар мен қызметтерді өндіру және сату арқылы, өз тәуекеліне табыс табу мен оны өзіне иелену мақсатында нарықтық экономиканы ұйымдастырудың бір түрі ретінде анықталады. Зерттеу аясында кәсіпкерлік қызметті ынталандырудың екі тәсілі анықталып, негізделді: сыртқы ортаға бағытталған (институционалдық, нарықтық) және ішкі ортаға бағытталған (мотивациялық, басқарушылық) тәсілдер. Кәсіпкерлікті экономикалық ынталандырудың принциптері жүйелендіріліп, олардың мәні кәсіпкерліктің дамуын өз-өзіндік мақсат емес, экономика тиімділігін арттыру, бюджет кірістерін ұлғайту, жұмыссыздық деңгейін төмендету және кәсіпкерлерді серіктестік қарым-қатынастарға тарту арқылы әлеуметтік шиеленісті азайту құралы ретінде қарастыруда жатыр.

*2) Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру мәселелерін диагностика жасау: А*қмола облысында және Қазақстанда жалпы кәсіпкерлікті ынталандырудың ағымдағы моделінің жүйелік шектеулері анықталды, соның ішінде ынталандыру шараларының қысқа мерзімділігі, бизнесті қолдауда мемлекеттік монополия, инновациялық белсенділіктің төмендігі және білікті мамандар тапшылығы. Осы диагностиканың нәтижесінде өңірдегі өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру механизмдерін жетілдіруге арналған ұсыныстар әзірленді, олар кәсіпорындарға тексеру жүктемесін азайту, өтінімдерді қарастыру рәсімдерін жеңілдету, кәсіпорындарға арналған микрокредит жүйесін құру, ұзақ мерзімді келісімшарттарды жасау, экспортты кеңейту және басқа да шараларды қамтиды.

3) Кәсіпкерлікті ынталандырудың экономикалық механизмі: өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау арқылы ынталандыруға арналған кешенді механизм әзірленді, ол өндірістің тиімділігін арттыруға бағытталған

мақсатты ынталандыру жүйесін қамтиды. Оның негізі кәсіпорындардың тұрақты даму әлеуетін бағалау, стратегиялық жоспарлау, бәсекеге қабілеттілікті бақылау және салық ынталандырулары, инвестициялық климатты жақсарту, несие ресурстарына қолжетімділікті қамтамасыз ету сияқты қолдау құралдарын іске асыруға негізделген.

4) Өнеркәсіптік өндірістің өсуін болжауға арналған авторлық модель: корреляциялық-регрессиялық талдау нәтижесінде 2024-2028 жылдар аралығында Ақмола облысының өңдеуші өнеркәсібінің өсу қарқынына салалық жұмыспен қамтылғандар санының өсу қарқыны мен тұтыну бағалары индексінің өсу қарқыны әсер ететіні анықталды.

Зерттеу нәтижелерінің үлесі. Диссертациялық зерттеу барысында алынған нәтижелер Қазақстан Республикасының өндірістік саласындағы кәсіпкерлікті экономикалық ынталандыру механизмдерін дамытуға ықпал етеді. Өндірістік салада кәсіпкерлік қызметтің ерекшеліктерін анықтауға қатысты қорытындылар, ұсыныстар және экономикалық ынталандыру механизмін әзірлеуге арналған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар мемлекеттік және аймақтық кәсіпкерлікті қолдау саясатын жетілдіру, сондай-ақ өндірістік саланы дамыту стратегияларын әзірлеу мен түзету кезінде қаралып, пайдаланылуы мүмкін. Сондай-ақ, осы ғылыми нәтижелер кәсіпорындардың өздерінің экономикалық стратегияларын оңтайландыру және бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында қолданыла алады. Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандырудың әзірленген экономикалық механизмі ұсынылған алгоритмге сәйкес енгізілуі мүмкін, бұл өндірістік қуаттылықтың тұрақты өсуі, инновациялық белсенділіктің артуы және өндірістік саланың ел экономикасына қосатын үлесінің ұлғаюына жағдай жасайды. Диссертациялық жұмыста қамтылған материалдар келесі мамандықтар бойынша мамандарды даярлау кезінде оқыту процесінде пайдаланылуы мүмкін: «Менеджмент», «Экономика», «Мемлекеттік және жергілікті басқару».

Әрбір жарияланымның үлесі. Қорғауға шығарылатын негізгі тұжырымдар мен нәтижелер 12 ғылыми мақалада көрініс тапты, оның біреуі Scopus және Web of Science халықаралық ақпараттық ресурстарына енгізілген нөлдік емес импакт-факторы бар журналда, 4-і Қазақстан Республикасының ҒЖБҚК ұсынған ғылыми жарияланымдарда, және 7-і халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың материалдар жинақтарында баяндалған.

«Қазақстан тәжірибесінде шағын және орта бизнес субъектілерін ынталандыру механизмдері» атты мақалада докторант бірінші автор ретінде қатысады. Жұмыста ШОБ-тың дамуына әсер ететін негізгі факторлар, мысалы, технологиялық инновацияларға жұмсалатын шығындар, ай сайынғы орташа жалақы, инновациялық белсенділік деңгейі және негізгі капиталға салынған инвестициялар анықталған. Осы факторлар мен жағдайды диагностика негізінде кәсіпкерлікті мемлекеттік ынталандыру механизмін әзірлеу жүргізілді, оған қаржылық ынталандыру, салық жеңілдіктері, инфрақұрылымдық қолдау және мақсатты оқыту бағдарламалары кіреді. Докторанттың үлесі – осы саладағы әдебиеттерді шолу, экономикалық факторларды талдау және кәсіпкерлікті мемлекеттік ынталандыру механизмінің негізділігін дәлелдеу болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы өңдірістік саланы ынталандыру» атты мақалада өңдірістік саланы стратегиялық дамыту мәселелері, сондай-ақ өңдірістік саланы мемлекеттік қолдау бағдарламалары мен шаралары қарастырылған. «Қазақстан Республикасындағы өңдірістік саланың жағдайын бағалау» атты мақалада Қазақстанның ең маңызды өнеркәсіп секторларының даму жағдайы талданған. Өңдірістік секторлардың дамуын тежейтін факторлар ретінде ұзақ мерзімді несиелік ресурстарға қолжетімділіктің төмендігі, өндірістердің технологиялық артта қалуы және білікті мамандар тапшылығы анықталған. Осы мақалалар автордың өз бетінше дайындалған және жазылған.

«Қазақстан Республикасындағы өңдірістік саланы дамыту стратегиялық мәселелері» атты мақалада докторант бірінші автор ретінде қатысады. Отандық кеңесшінің ғылыми басшылығымен өңдірістік саланың даму трендтері талданып, машина жасау салаларының өсу факторлары анықталды, олар инновациялық-технологиялық даму мен өнеркәсіптік өндірісті жаңа деңгейге көтеруді қамтамасыз етеді. Докторанттың үлесі – өнеркәсіптік өндірісті мемлекеттік қолдау бағдарламаларын талдау және алынған нәтижелерді интерпретациялау.

«Кәсіпкерлік теориясын дамыту тұжырымдамасы» атты мақалада отандық кеңесшінің ғылыми басшылығымен экономикалық ғылымдағы кәсіпкерлік теориясының эволюциясы зерттеліп, теориялық тұжырымдамалар жүйелендірілді. Докторанттың үлесі – кәсіпкерліктің бар тұжырымдамаларын негізгі және туынды сипаттамалар тұрғысынан жіктеуді жүргізу болып табылады.

Халықаралық конференциялардың материалдар жинақтарында жарияланған, мысалы, «Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік саланы экономиканың өсуіндегі негізгі факторлардың бірі ретінде дамыту», «Қазақстан Республикасындағы өңдірістік саланы дамытуда стратегиялық жоспарлау приоритетті бағыт ретінде», «Жаһандану жағдайында Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік саланы дамытуды ұйымдастыру», «Қазақстандағы өндіріс секторының дамуына кедергі келтіретін негізгі тосқауылдар және олардың жою жолдары», «Өнеркәсіп саласындағы кәсіпкерлікті ынталандыру мәселелері (Ақмола облысы мысалы)», «Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік саланың жағдайын бағалау және аналитикалық шолу», «Өнеркәсіптік өсу: перспективті бағыттар және жүйелік әсерлер» сияқты мақалалар өңдірістік саланы дамытуға арналған әртүрлі көзқарастарды қамтиды. Докторант осы мақалалардың авторы және қосалқы авторы ретінде терең ғылыми негіздер мен өңдірістік саланың дамуының тәжірибелік аспектілерін, оның ішінде кәсіпкерлікті ынталандырудың экономикалық механизмдерін зерттеуде маңызды үлес қосқан.

Диссертацияда және докторанттың жарияланымдарында ұсынылған барлық ғылыми нәтижелер автордың өз бетінше алынған, отандық және шетелдік ғылыми жетекшілердің: экономикалық ғылымдар докторы, профессор А.Х. Галиева және экономикалық ғылымдар докторы, профессор Г.А.Шмарловская ұсынған тапсырмалар негізінде, ғылыми кеңес беру және диссертациялық зерттеулерді басқару шеңберінде жүзеге асырылған.